

References

Государственная программа развития образования РК на 2011-2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан № 1118. – Астана: Акорда, 7 декабря 2010 года.

Караев Ж.А. (2014). Вопросы внедрения критериальной системы оценивания в практику школ Республики Казахстан. *Международный журнал экспериментального образования*, (5-1), 58-62.

Сабденова У.О., Асылбекова Г.Т., Диканбаева А.К., Абдибаева М.М., Кадырова Р.Б., Куандыкова Э.Т., Ермаханов М.Н. (2016). Критериальное оценивание успеваемости в школе. *Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований*, (1-3), 424-425.

Система критериального оценивания учебных достижений учащихся (2013). Методическое пособие. Астана: Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 80с.

Федорчукова О. Д. (2007). Формирование оценочной самостоятельности в I–II классах. *Начальная школа*, (1), 108-112.

Шакиров Р.Х., Буркитова О.И. (2012). Оценивание учебных достижений учащихся. *Методическое руководство Дудкина*, «Билим», 80 с.

Шаповаленко И.А. (2004). Возрастная психология в Психология развития и возрастная психология. *М.: Гардарики*, 349 с.

Мауленберген З.Н.

Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің,
г. Караганда, Қазақстан

**LEARNING APPS ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН
ТІЛІНЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТИІМДІЛІГІ**

Оқытушы мен білім алушының сабақ оқыту тиімділігін арттыруға байланысты шығармашылық деңгейі еш шектелмейді. Оны қойылған мақсатқа дұрыс бағыттап білудің маңызы зор. Бұл әсіресе тіл үйренуде өте өзекті.

Қазіргі таңда білім алудың жаңа ақпараттық технологияларға негізделген әдісі өз өміршеңдігін дәлелдеуде. Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген коронавирус (COVID-19) пандемиясына байланысты жаппай карантин шараларының енгізілуі барлық деңгейдегі білім беру жүйелерін қашықтықтан білім алу жүйесіне алып келді [Жақыпбекова М.].

Қашықтықтан оқыту – бұл заманауи оқыту технологияларының бір түрі, ол аудиторияда оқытушымен тікелей өткізілетін сабаққа қатыспайтын студенттерге бағытталған оқыту жүйесі болып табылады [Смирнова С. А., 2000]. Демек, біздің қоғамымыз қазір өмір талабына сәйкес қашықтықтан оқыту технологиясына негізделген бірнеше білім беру әдістерімен үйлестірілген жаңа бағыттағы оқыту әдістеріне мұқтаж.

Қашықтықтан оқыту технологиясына ауысқан сәттен бастап әр оқытушы үшін білім сапасын қалай өз деңгейінде ұстап тұруға болады, сабақты қызықты, әрі тартымды өткізу үшін қандай әдістер қолдансам болады, мен қолданатын әдіс қаншалықты тиімді және тағы да басқа күн тәртібінде тұрған сан алуан сұрақтардың туындағаны мәлім.

Қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде екі жылдан астам уақыт білім алып жүріп, біраз нәрсені үйреніп, жетілдіріп, жинақтаған азын аулақ тәжірибемізбен бөліскіміз келеді.

Қашықтықтан білім ала отырып, білім сапасын өз деңгейінде ұстап тұру мақсатында біраз білім беру платформаларымен танысып, зерделей келе өзімізге оңтайлысы ретінде таңдаған LearningApps шағын, көпшілікке қолжетімді интерактивті модульдердің (бұдан әрі-жаттығулар) көмегімен оқытуға бағытталған платформа тиімді болып көрінді.

Сервис кез-келген пайдаланушы үшін үйренуде өте қарапайым. Алдымен осы платформаға кіріп *менің қосымшаларым* деген атауды басамыз, соның

ішінен *сыныпқа* кіріп, өз аккаунымызды жасаймыз, сосын *менің сыныптарыма арналған қосымшалар* арқылы оқытушы жіберген тапсырмаларды орындап, олардың нәтижелерін оқытушының есебінен көруге болады.

Платформа әр түрлі пәндер бойынша топтастырылған дайын жаттығулар блоктарынан тұрады. Сіз қосымшалармен танысып, оларды сұрыптай аласыз, мысалы, пайдаланушылардың бағалауы бойынша, алдымен сізге жоғары баға алған жаттығулар пайда болады. Егер сіз сайтқа тіркелсеңіз, жаттығуларды өзіңіз де жасау мүмкіндігіне ие бола аласыз. Мұнда сабақты әр түрлі деңгейдегі интерактивті тапсырмалардан тұратын викториналар, кроссвордтар, жұмбақтар мен ойындар, тестілік тапсырмалар түрінде өткізуге болады.

Learning Apps платформасының мүмкіндіктері:

- платформада жұмыс істеу барысында жалаушаны басу арқылы жоғарғы оң жақ бұрыштан басқа тілдерге ауысу;

- тапсырмаларды әртүрлі шаблондарды қолдана отырып, он-лайн режимінде жасау және өңдеу;

- платформада ғылымның әр түрлі саласы бойынша санаттардың болуы;

- платформаның тегін ұсынылуы;

- орындалған тапсырманың дұрыстығын тез арада тексеру;

- интерактивті тапсырмалармен бөлісу мүмкіндігі;

- көптеген шаблондар суреттермен, дыбыспен және бейнематериалдармен жұмыс істеуді қолдауы;

- электронды пошта бойынша жіберу немесе блогқа және сайтқа енгізу үшін және Вики- парағын алу үшін сілтеме алу;

- платформа әр түрлі шаблондарды, зияткерлік интерактивті тапсырмалардың барлық түрлерін қолданумен ғана емес, сондай-ақ, білім алушыларға өз аккаунттарын ашу мүмкіндігін берумен де ерекшеленеді.

Бұл платформа, әсіресе деңгейлеп саралап оқыту технологиясын пайдалануда өте тиімді деп пайымдаймыз. Қысқаша ғана деңгейлеп оқыту технологиясына тоқталар болсақ, аталмыш технология 1998 оқу жылынан

бастап білім берудің барлық сатысына енгізіліп, білім беру үдерісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Профессор Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен білім алушылардың өздігінен ізденулерін, алған білімдерін кеңейтіп, тәжірибе жүзінде бекітулерін, ұштастыра білулерін қажет етеді. Білім, біліктілік пен дағдының қатар жүруін қалайтын, бірінші орында білім алушылардың өз бетімен білім алудағы белсенділігіне айрықша назар аударатын технологиялардың бірі. Оның басты мақсаты – білім алушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы:

- білім алушылар өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- білім алушыларды ынталандыруға;
- білім алушылар мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығына;
- білім алушылар өз білімін өзі бағалай білуіне;
- баға әділдігіне;
- білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді [Өстеміров К., 2007].

Деңгейлеп-саралап оқытудың басты сипаты – мақсатты нәтиже. Қоғам талабы да – нәтижелі білім алушы даярлауда болып отыр.

Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, білім алушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді.

Деңгейлік тапсырмаларды дұрыс орындағаны үшін білім алушылар сол деңгейді игергені үшін сәйкес ұпай алады. Ең жоғары деңгейдегі шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды, әрине, дарынды да, еңбекқор білім алушылар орындай алады. Деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы көбірек ұпай жинап көтеріңкі баға алуға мүмкіндік беріледі және дамыта оқыту

принципі орындалады. Нәтижесінде білім алушылардың табиғи қабілеттері мен дарынды қасиеттерінің ашылуына жақсы жағдай жасалады.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты:

- әрбір білім алушылар өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді;

- деңгейлеп оқыту әр білім алушыларға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

- деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы білім алушыларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді;

- деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей [Чупрасова В. И., 2000].

Жалпы деңгейлік тапсырмалар беру білім алушыларға артық жүктеме беру емес, керісінше, олардың әрқайсының біліміне, мүмкіндігіне сәйкес дайындалған көп деңгейлік (сатылы) жұмыстар, яғни, курсанттың жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын, ойлау, сөйлеу қабілетін дамытатын, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыратын, ізденушілікке баулитын жұмыстар жүйесі.

Көпдеңгейлік тапсырмалар беру арқылы біз топтың барлық білім алушыларын бірдей қамту, әр білім алушының жеке қабілеті мен мүмкіндігі деңгейінде оқыту; пәнге деген қызығушылығын туғызу; креативті ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мүмкіндіктеріне ие боламыз деп санаймыз.

Топтағы барлық білім алушылар белсенділік танытып, әрқайсына жеке тапсырма берілген соң, оны соңына дейін шешуге тырысады.

Сонымен қатар бұл әдістің төмендегідей бір қатар тиімділігіне де тоқталуға болады:

- білім алушылардың білімі анық бағаланады;

- қабілетті білім алушыларды анықтауға ықпал етеді;

- белсенділігі артады;

- ойлау қабілеті жақсарады;
- өзіне деген сенімділігі артады;
- өз деңгейін өзі бағалай алатын болады;
- ізденуге баулиды;
- білім алушыларды жаппай жұмыс жасауға әкеледі [Беспалько В. П., Беспалько Л. В., 1989].

Деңгейлеп оқыту технологиясында тапсырмаларды орындау, соған сәйкес білім алушы білімін бағалау төрт деңгейге бөлінеді.

Бірінші деңгей- міндетті деңгей, яғни мемлекеттік стандарттың минимум талаптарын орындау. Бұл деңгейдегі жұмыс үшін «қанағаттанарлық» деген баға қойылады.

Екінші деңгей-алгоритмдік деңгей. Бұл деңгейдің тапсырмасы міндетті деңгейдің тапсырмаларына қарағанда қиынырақ, тапсырманың мазмұны да, оның орындалу жолдары да күрделене түседі. Алған білімін бекіте түсу, одан әрі тереңдету мақсатында берілген тапсырмалар курсанттан өз білімін тапсырманы орындау барысында орынды қолдана білуді талап етеді. Мұндай тапсырмаларды орындаған курсант «жақсы» деген баға алады.

Үшінші деңгей-эвристикалық деңгей. Эвристикалық деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында білім алушы жаңа тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдете отырып, тағы да жаңа білімді меңгеруі тиіс. Мұндай тапсырманы орындаған курсант «өте жақсы» деген баға алады.

Төртінші деңгей- шығармашылық деңгей болғандықтан тапсырманың мақсаты тереңдетіліп, алған білімнің негізінде білім алушылардың өзіндік ізденісіне жол ашады, қиялы мен белсенді ой еңбегі жүзеге асырылады [Арыстан Ж., 2015].

Learning Apps платформасына әр сабақ бойынша жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды жүктеу нәтижесінде сабақты беру тиімділігі артып,

студенттердің білімділік, дамуытушылық жалпы танымдық деңгейлерінің дамуына қол жеткізіліп сабақтар өз мақсатына жетеді деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Арыстан Ж. (2015). Деңгейлеп оқыту технологиясын жүзеге асыру // *Қазақстан мектебі*, 2

Беспалько В.П., Беспалько Л.В. (1989). Педагогическая технология: Новые методы и средства обучения // Политехнический музей. 3-53.

Жақыпбекова М. Пандемия кезіндегі қашықтықтан оқыту: ой, түйін, мәселе. <https://7-su.kz/news/cat-12/7278/>

Өстеміров К. (2007). Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. Алматы.

Смирнова С.А. (2000). Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб. для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений. М.: Издательство «Академия»

Чупрасова В.И. (2000). Современные технологии в образовании. Владивосток.

Нәжкен А.Р.

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

г. Караганда, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМ ПРИ РАЗВИТИИ НАВЫКОВ ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Письменная речь является видом речевой деятельности, направленной на построение сообщения в письменной форме в соответствии с коммуникативной целью, и лингвистическими стандартами. Это один из мощных способов общения, и одновременно сложный процесс, позволяющий человеку